



БҰЙРЫҚ

ПРИКАЗ

2015 ж. 19 қаңтар № 36

Астана қаласы

город Астана

Этил спиртінің өндірудің технологиялық желілерін спирт өлшейтін аппараттармен, алкоголь өнімін (шарап материалынан және сырадан басқа) өндіруді - уәкілетті органға нақты уақыт режимінде өндіру көлемі туралы деректерді автоматты түрде беруді қамтамасыз ететін есептеуші бақылау аспаптарымен жарақтау жөніндегі талаптарды, сондай-ақ олардың жұмыс істеуін және этил спирті мен алкоголь өнімінің есепке алынуын жүзеге асыруды бақылау тәртібін бекіту туралы

Қазақстан Республикасының Әділет Министрлігі  
Нормативтік құқықтық актілерді тіркеу  
департаменті

Нормативтік құқықтық акті 2015 жылғы  
« 21 02 » Нормативтік құқықтық  
ресурстарды мемлекеттік тіркеудің тізіліміне  
№ 10315 болып енгізілді

«Этил спирті мен алкоголь өнімінің өндірілуін және айналымын мемлекеттік реттеу туралы» 1999 жылғы 16 шілдедегі Қазақстан Республикасы Заңының 4-бабы 2-тармағының 4) тармақшасына сәйкес **БҰЙЫРАМЫН:**

1. Қоса беріліп отырған Этил спиртінің өндірудің технологиялық желілерін спирт өлшейтін аппараттармен, алкоголь өнімін (шарап материалынан және сырадан басқа) өндіруді - уәкілетті органға нақты уақыт режимінде өндіру көлемі туралы деректерді автоматты түрде беруді қамтамасыз ететін есептеуші бақылау аспаптарымен жарақтау жөніндегі талаптарды, сондай-ақ олардың жұмыс істеуін және этил спирті мен алкоголь өнімінің есепке алынуын жүзеге асыруды бақылау қағидалары бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Мемлекеттік кірістер комитеті (Д.Е. Ерғожин) заңнамада белгіленген тәртіппен:

1) осы бұйрықты Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелуін;

2) осы бұйрықтың мемлекеттік тіркеуден өткеннен кейін он күнтізбелік күн ішінде оны ресми жариялауға мерзімді баспа басылымдарына және «Әділет» ақпараттық-құқықтық жүйесіне жіберуді;

018680

3) осы бұйрықтың Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің интернет-ресурсында орналастырылуын қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрық оның бірінші ресми жариланған күнінен кейін он күнтізбелік күн өткеннен кейін қолданысқа енгізіледі.

**Қазақстан Республикасының  
Қаржы министрі**



**Б. Сұлтанов**

Қазақстан Республикасы  
Қаржы министрінің  
2014 жылғы «\_\_» \_\_\_\_\_  
№ \_\_\_\_  
бұйрығымен бекітілген

**Этил спиртінің өндірудің технологиялық желілерін спирт өлшейтін аппараттармен, алкоголь өнімін (шарап материалынан және сырадан басқа) өндіруді – уәкілетті органға нақты уақыт режимінде өндіру көлемі туралы деректерді автоматты түрде беруді қамтамасыз ететін есептеуші бақылау аспаптарымен жарақтау жөніндегі талаптарды, сондай-ақ олардың жұмыс істеуін және этил спирті мен алкоголь өнімінің есепке алынуын жүзеге асыруды бақылау тәртібі**

## **1. Жалпы ережелер**

1. Осы Этил спиртінің өндірудің технологиялық желілерін спирт өлшейтін аппараттармен (бұдан әрі – аппараттар), алкоголь өнімін (шарап материалынан және сырадан басқа) өндіруді – уәкілетті органға нақты уақыт режимінде өндіру көлемі туралы деректерді автоматты түрде беруді қамтамасыз ететін есептеуші бақылау аспаптарымен жарақтау жөніндегі талаптарды, сондай-ақ олардың жұмыс істеуін және этил спирті мен алкоголь өнімінің есепке алынуын жүзеге асыруды бақылау тәртібі (бұдан әрі – Қағидалар) «Этил спирті мен алкоголь өнімінің өндірілуін және айналымын мемлекеттік реттеу туралы» Қазақстан Республикасының 1999 жылғы 16 шілдедегі Заңының 4-бабы 2-тармағының 4) тармақшасына сәйкес этил спирті мен алкоголь өнімін өндіруге бақылауды жүзеге асыру мақсатында әзірленді.

**2. Этил спиртінің өндірудің технологиялық желілерін уәкілетті органға нақты уақыт режимінде өндіру көлемі туралы деректерді автоматты түрде беруді қамтамасыз ететін спирт өлшейтін аппараттармен жарақтандыру талаптары, сондай-ақ олардың жұмыс істеуін және этил спиртінің есепке алынуын жүзеге асыруды бақылау талаптары**

2. Спирт және этил спиртінің (бұдан әрі – спирт) бас фракциясының өндірісі үздіксіз өлшеуді және аппараттардың есептеуіштеріне мынадай деректерді беруді жүргізетін:

1) өндірілетін спирттің көлемі және спиртометрикалық механизм арқылы көлемдік көрсеткішті сусызға түрлендіру немесе олардың мәндерін алған ақпаратты индикаттауға шығару жолымен алынған сусыз спирттің мөлшері жөніндегі;

2) спиртометрикалық механизмді қолданбай спирттің бас фракциясының көлемі жөніндегі аппараттармен жарақтандырылады.

Спирттің өлшем бірлігі + 20С° температура кезіндегі сусыз спирт декалитрі (бұдан әрі – дал) болып табылады.

3. Спирт пен спирттің бас фракциясын есепке алуға арналған аппараттар спирттің ұрлануын болдырмау мақсатында олардың қызмет көрсету және бақылау жүргізу мүмкіндігі ескеріле отырып, орналастырылады.

4. Аппарат боза айыратын (боза айдайтын) қондырғы тұрған үй-жайда немесе онымен аралас үй-жайда, аппаратқа барлық жақтан еркін бару қамтамасыз етіле отырып және көлемдік және сусыз есептеуіштердің көрсеткіштері анық көрінетіндей қарау шамынан кейін спирт желісінде орнатылады.

Аппарат спиртті бір сағат, ауысым, тәулік және одан жоғары мерзімде боза айыру және боза айдау барысына бақылау жасау үшін қызмет көрсетеді. Спирт өлшейтін аппараттардың дұрыс жұмыс істеуін қамтамасыз ету үшін спирт өндірістерінде спирттің температурасын тұрақтандыратын жүйе орнатылады. Сусыз спирт мөлшерін есепке алуда өлшегіш және өлшеу аппараты бойынша салыстырмалы +/- 0,5% жоғары қателікке жол берілмейді.

5. Аппарат мынадай талаптарға сай келеді:

1) спирттік, сулы спирттік ерітінді және құрамында қанты бар қоймалжың ортада жұмыстың тұрақтылығы;

2) жұмыстың температуралық режимі 0-ден +40 С дейін;

3) тексеру аралығы аппаратты жұмысқа қосу кезінен бастап кемінде 6 ай;

4) аппараттың құрамында спиртті бар сұйыққа тікелей тиіп тұратын бөлігі тамақ өнеркәсібінде қолдануға рұқсат етілген материалдардан орындалады;

5) есеп жүргізуге арналған жады сыйымдылығы үдемелі қорытындымен;

6) жұмыста кідірістер болған жағдайда тоқтаған сәттен бастап уақытты тіркеп және көрсеткіштерді жаңартып, есептеуішті оқшаулай отырып, көрсеткіштерді сақтау;

7) рұқсатсыз араласуға жол берілмеуі (код, кілт, пломба, голографиялық жапсырма және басқа да тәсілдер);

8) іркілістерден және сыртқы әсерлерден қорғану;

9) электрмен жабдықтауда авариялық іркілістер болған жағдайда автономды жұмыс істеу ұзақтығы авариялық іркілістер басталған сәттен бастап 3 (үш) күннен кем емес;

10) жарылыс және өрт қауіпсіздігі;

11) уәкілетті органға спиртті өндіру көлемі туралы деректерді нақты уақыт режимінде автоматты түрде беруді қамтамасыз ету.

6. Аппаратқа техникалық паспорт, мемлекеттік және орыс тілдеріндегі нұсқаулық, аппараттың шығарылуы туралы құжат және жұмыс істеу схемасы қоса беріледі.

7. Этил спирті мен спирттің бас фракциясын бақылау есебіне арналған аппарат уәкілетті органның қызметкерінің қатысуымен пайдалануға енгізіледі, ол туралы еркін нысанда пайдалануға енгізу актісі жасалады.

8. Айыру колоннасынан спирт өлшейтін аппаратына дейін ернемектік жалғамаларды, тораптарға және күйге келтіру, оқшаулау, ақпаратты тіркеу және тастау элементтеріне және бақылау аспаптарының көрсеткіштеріне ықпал ететін басқа да құрылғыларға қол жеткізу мүмкін болатын барлық орындарды, сондай-ақ аппаратты уәкілетті орган қызметкері пломбалау жолымен пломбалайды, ол туралы пломба салынған орны және нөмірлері немесе пломбалар бедерлері көрсетіле отырып еркін нысанда пломбалау актісі жасалады.

9. Спиртті бақылау есебінің мақсаты боза айыру және спиртті айдау барысына бақылау жасау, сулы спирт ерітіндісінің өндірілетін көлемін және сусыз спиртке қайта есептеумен ондағы спиртті үздіксіз өлшеу және бақылау есебі болып табылады.

10. Спиртті өндіру кезінде оның бақылау есебі спиртті өндіруді жүзеге асыратын ұйымдарда (бұдан әрі – спиртті өндіруші ұйымдар) деректерді беру аппараттарымен және телекоммуникациялық құралдармен (бұдан әрі – беру құралдары) жарақтандыру және оларды пайдалану жолымен іске асырылады.

11. Өндірілетін спирттің мөлшерін өлшеу және есепке алу спиртті құю бөлімшесінен спирт сақтау қоймасына беру кезінде өлшегіштермен спиртті өлшеу нәтижелері бойынша жүргізіледі.

12. Сусыз спиртті мөлшерін өлшегішпен өлшеу нәтижелері бухгалтерлік есеп үшін бастапқы деректер болып табылады.

13. Сусыз спирттің мөлшерін өлшегіш ( $V_m$ ) және аппарат ( $V_a$ ) бойынша өлшеудің нәтижелерін салыстырумен осы шамалардың арасындағы далдарда және пайызда (кінәраттық) сандық айырмашылық айқындалады.

14. Кінәраттық есебі мына формулалар бойынша жүргізіледі:

$$\text{Сабс.} = V_m - V_a \text{ және Жүздік} = \frac{V_m - V_a}{V_m} \times 100\%$$

мұндағы                      Сабс.                      -                      абсолюттік                      кінәраттық,                      дал;  
Жүздік - салыстырмалы кінәраттық, %.

15. Сусыз спиртті есептеу кезіндегі абсолютті және салыстырмалы кінәраттық спиртті өндірістен спирт сақтау қоймасына әрбір беру кезінде айқындалады және осы Қағидаларға 1-қосымшаға сәйкес нысан бойынша спирт пен спирт өнімдерін өндіру және оларды спирт сақтау қоймасына беру туралы актінің (бұдан әрі – спирт өндіру туралы акті) 3-бөлімінде тіркеледі және спирт өндіруші ұйымның тиісті бөлімшесі бақылайды.

16. Боза айыратын қондырғылардың қуатына қарай осы Қағидаларға 2-қосымшаға сәйкес спиртті, спирттің бас фракциясын қабылдауды, есепке

алуды және беруді қамтамасыз ететін жабдық, бір немесе бірнеше аппараттар пайдаланылады.

17. Бас фракцияның мөлшерін есепке алу спирттің көлемдік есептеуіші бойынша жүргізіледі.

18. Сивушты майды және стандартты емес спиртті (қойыртпақтарды) аппараттан өткізуге жол берілмейді.

19. Спирт және спирттің бас фракциясы спиртті және спирт өнімдерін қабылдау бөлімінде тоңазытқыш, ротаметр, қарау шамы және аппарат арқылы бөлінеді. Бұл ретте қарау шамы жарық жақсы түсетін орында, аппараттан бір метрден аспайтын қашықта орналастырылады.

20. Аппараттардың жұмысын қамтамасыз ету үшін спирттің температурасын тұрақтандыратын жүйе орнатылады.

21. Спирттің температурасын тұрақтандыруға спиртті тоңазытқыш арқылы боза айыру (боза айдау) қондырғысының жұмысы үшін қажет болатын бүкіл салқындатқыш суды қысым багіне беру есебінен қол жеткізіледі. Бұл ретте салқындатқыш судың спирт тоңазытқышына құбыр жолына тиек арматура орнатпай тікелей сорғыштан келіп түсуі қамтамасыз етіледі. Қысым багіне, бассейнге және басқа ыдыстарға тоңазытқыштан судың еркін шығуы қамтамасыз етіледі. Суды тоңазытқыштан конденсаторға, дефлегматор мен коллекторға жіберуге жол берілмейді.

22. Спирттің температурасын автоматты реттеу жүйесін қолдану кезінде көрсеткіш спирт құбырында тұйық гильзаға тоңазытқыштан шығатын ауызға орнатылады.

23. Аппаратқа түсетін спирттің температурасын реттеу жүйесіне қарамастан жылдың осы уақыты үшін барынша мүмкін болатын төмен тұрақты температурасы болуы тиіс.

24. Колоннада спирт іріктеу орнынан тоңазытқышқа, ротаметрге, қарау шамына, аппаратқа және аппараттан құю бөліміне дейін спирт түтікшелерін жүргізу ернемектік жалғамаларсыз және тірек арматурасыз жүзеге асырылады.

25. Ернемектік жалғамалар, сынамаларды іріктеуге арналған крандар, реттеуші және тірек арматура, колоннадағы ернемектік аспаптардың ернемектік жалғамалары мен арматура және спиртке қол жетімді басқа да жерлер металл қаптамалармен бекем қорғалады және әрбір ашылғаннан кейін және жұмыстар жүргізілгеннен кейін уәкілетті органның қызметкері пломбалайды. Пломбалардың жұлынуына немесе зақым келінуіне жол берілмейді.

Пломба қою орындарының тізімдемесі үш данада жасалады, оның біреуі аппарат бөлімінде ілінеді, екіншісі спирт өндіруші ұйымның бухгалтериясында, үшіншісі уәкілетті органда сақталады.

26. Пломбылағыш тістеуіктер мен пломбалар уәкілетті органда сақталады және бұйрықтың негізінде уәкілетті органның қызметкерлеріне беріледі. Уәкілетті органда тістеуіктердің бедерлері, біржолғы пломбалардың нөмірлері, сериялары және түстері, тістеуіктерді және біржолғы пломбаларды алған мен қайтарған күн, бұйрықтың күні мен нөмірі көрсетіле отырып, тістеуіктердің

немесе пломбалардың алынғаны және қайтарылғаны туралы жазбаны көздейтін еркін нысандағы журнал жүргізіледі.

27. Өндірілетін спиртті есепке алуға және аппараттардың дұрыс пайдаланылуын бақылауға байланысты жұмыстарды орындау үшін спирт өндіруші ұйым басшысының бұйрығымен құрамында бас инженер (комиссияның төрағасы), зертхана меңгерушісі, бас бухгалтер және спирт өндіруші ұйымның басқа қызметкерлері болатын тұрақты түрде қызмет ететін Спиртті есепке алу жөніндегі комиссия құрылады.

Аталған Комиссия өндірісті тоқтатқанға немесе кезекті жоспарлы юстировкалауға дейін 15 күн бұрын, сондай-ақ спирт өндіруші ұйымның іске қосылуы алдында уәкілетті органды спирт өндіруші ұйымға уәкілетті орган қызметкерінің жіберілуі туралы еркін нысандағы өтініш жолдайды. Комиссия бір жұмыс күнінен аспайтын мерзімде уәкілетті органды есептік көрсеткіштердің шектіден жоғары алшақтықтарының, аппараттың бұзылуының, салынған пломбалардың жұлынуының немесе зақымдалуының әрбір фактісі туралы хабарлайды.

28. Спирт өндіру көлемдері туралы деректерді нақты уақыт режимінде автоматтандырылған беруді қамтамасыз ету болмаған жағдайда уәкілетті орган кемінде үш жұмыс күнінен кешіктірмей аталған факті туралы өндіруші ұйымды жазбаша хабарлайды.

Деректерді беру құралдарының жұмысында іркілістер болған жағдайда спирт өндіруді жүзеге асыратын кәсіпорын деректерді беру құралдарымен қамтамасыз ететін ұйымнан тиісті жазбаша ақпаратты береді.

29. Беру құралдары мен аппараттарды жеткізуді, орнатуды, жөндеуді (ағымдағы және күрделі), оларға қосалқы бөлшектерді сатып алуды спирт өндіруші ұйымдар жүргізеді.

30. Сусыз спирттің мөлшерін есептеуде  $\pm 0,5\%$  аса ауытқушылық болған кезде аппараттар мерзімінен бұрын ашылып, аппаратқа юстировкалау және метрологиялық тексеру жасалынады.

31. Бір аппаратты екінші аппаратпен ауыстырған кезде алынған аппараттан есептеуіштердің соңғы көрсеткіштері жаңадан орнатылған аппаратқа көшіріледі.

32. Аппарат орнықты қалыпты қамтамасыз ете отырып және оның тербелісін болдырмайтындай етіп арнайы металл қаңқаға бекітілетін арнайы постаменттерге орнатылады.

33. Спирт тоңазытқышы мен аппараттың арасында қарау шамы орналасады. Қарау шамы спиртті іріктеп алудың барысын байқау үшін қызмет етеді. Қарау шамында орнатылған термометр мен спиртометр бойынша өндірілетін спирттің шоғырлануы мен температурасы айқындалады.

34. Спирт құбырының қарау шамынан спирт қабылдағышқа дейінгі еңістігі құю бөлімінде спирт барынша көп іріктелген кезде өтуін қамтамасыз етеді және 2-ден 10<sup>0</sup>-қа дейін еңіс болады.

35. Аппаратты орнату техникалық сипаттамаға, пайдалану нұсқаулығына, тексеру әдістері мен құралдарына, аппарат паспорттына сәйкес жүргізіледі.

36. Бүкіл өндірілетін спирт және спирттің бас фракциясы өз бетімен ағып құю бөлімінің спирт қабылдағыштарына аппараттар арқылы келіп түседі.

37. Құю бөліміндегі әрбір аппарат үшін негізгі және қосымша спирт қабылдағыш орнатылады.

38. Негізгі спирт қабылдағыштардың көлемі боза айыратын (боза айдайтын) қондырғымен белгіленген екі тәуліктік қуат есебімен, ал қосымша спирт қабылдағыштардың көлемі - бір ауысымдық өндіру есебімен спирттің жиналуын қамтамасыз етеді.

39. Спирт қабылдағыштарға спирттің құйылуы жоғарғы құбыр желісі арқылы жүзеге асырылады, олардың түбі спирттің толық шығуын қамтамасыз ететін құбыр желісінің құйылу жағына қарай еңіс. Негізгі спирт қабылдағыштың қақпағы сынамаларды іріктеу, спирт деңгейін өлшеу, қарау және тазалау үшін люктармен жарақтандырылады. Сондай-ақ қақпақта аппаратшының жұмыс орнына белгі шығарумен, толтырудың шекті деңгейінің автоматты дабыл беру аспаптары орнатылады.

40. Жыл сайын жұмысты бастар алдында лас шөгіндіден және тоттан тазартылады, сумен толтырылады және герметикалығы тексеріледі, кейіннен спирт өндіруші ұйымда комиссия еркін нысанда акті жасайды. Спирт қабылдағыштарды тексеруді 4 жылда бір рет спирт өндіруші ұйым жүзеге асырады.

41. Қабылдау және өткізу кезінде спирт 0.5-тен 1000 далға дейін сыйымдылығы бар металл өлшегіштермен өлшенеді.

42. Құю бөліміндегі өлшегіштер мен спирт қабылдағыштар мықты іргетасқа орнатылады. Қалып өзгерген немесе майысу кезінде қайта тексеруге әкеп соғады. Пайдаланылатын өлшегіштердің саны мен түрлері орнатылған боза айыру (боза айдау) қондырғысымен белгіленген бір тәуліктік қуат есебімен қабылданады.

43. Өлшегіштегі спирт температурасын айқындау үшін бақылау айнасының біреуіне қарсы техникалық реттеу саласындағы ұйымдар тексерген, 0,1С бағада бөлінген, термометр орнатылады.

44. Спирттің мөлшерін есепке алу соңғы тексерумен белгіленген өлшегіштердің номиналды сыйымдылығы бойынша жүргізіледі. Сулы спиртті ерітіндіні көлбеу шәкілсіз өлшегіште өлшеуге толық сыйымдылығы көлемінде, ал цилиндрлік шәкілді өлшегіште градуирленген шәкілдің үлестерінде жол беріледі.

45. Спирттің шынайы көлемі осы Қағидаларға 3-қосымшада көрсетілген металл өлшегіштердің көлемдік кеңеюіне күйге келтіруді өзгертулер ескеріле отырып айқындалады.

46. Өлшегіштерді спирт қабылдағыштар ретінде пайдалануға жол берілмейді.



47. Құю бөлімін спирт сақтайтын қойма ретінде пайдалануға жол берілмейді.

48. Күн сайын өндірістік тәулік басында спиртті құю бөлімінен спирт сақтайтын қоймаға беру жүргізіледі.

49. Спиртті есепке алу жүздік үлестерге дейін жүргізіледі, бұл ретте 0,005-тен аз далдың мыңдық үлесі есепке алынбайды, ал 0,005 және одан көбі бір жүздік далл болып есептеледі.

50. Спиртті есепке алу кезінде сулы спирт ерітіндісінің көлемі, пайызда (көлемі бойынша) спирт қойыртпағы және құрамындағы сусыз спирт көлемі айқындалуы тиіс.

51. Аппараттар есептеуіштерінің көрсеткіштерін тіркеу өндірістік тәуліктің басында жүргізіледі. Ол үшін спиртті алу краны жабылады. Аппаратқа спирттің келуі тоқтаған соң есептеуіштердің көрсеткіштері спирт өлшегіш аппараттардың көрсеткіштері бойынша тазартылған спирт өндіруді есепке алу журналында, осы Қағидаларға 4-қосымшадағы нысанға сәйкес жазылады. Аппарат пен негізгі спирт қабылдағыштың арасындағы спирт құбыры спирттен толық босаған соң толтырылған кран жабылады және бос қосымша спирт қабылдағышқа ашылады. Спиртті іріктеу осы тармақта көрсетілген жұмыстар жүргізілгеннен кейін басталады Осыдан кейін барып қана спиртті алу басталады.

Спиртті алу уақытында есептеуіштердің көрсеткіштерін алуды жүргізуге жол берілмейді.

52. Есептеуіштердің көрсеткіштерін тіркеу кезінде алдыңғы тәуліктер ішінде өндірілген барлық спирт өлшенеді және спирт сақтау қоймасына беріледі.

53. Аппараттардың кінәраттығын айқындау үшін оларды юстировкалаудан соң уәкілетті органның қызметкері өлшеу нәтижелерін спирт өнімдерін өндіру актісіне енгізіледі. Кемінде үш өлшеу, тәулігіне бір өлшеу жүргізіледі. Бақылау өлшеулерін тәулігіне 2-3 рет жүргізуге жол беріледі. Бұл ретте спирттің мөлшері әрбір беру үшін кемінде 250 далды құрайды.

**3. Алкоголь өнімін (шарап материалдарынан және сырадан басқа) өндірудің технологиялық желілерін уәкілетті органға нақты уақыт режимінде өндіру көлемі туралы деректерді автоматты түрде беруді қамтамасыз ететін есептеуші бақылау аспаптарымен жарақтандыру талаптары, сондай-ақ олардың жұмыс істеуін және алкоголь өнімінің есепке алынуын жүзеге асыруды бақылау тәртібі**

54. Алкоголь өнімін өндірудің технологиялық желілері автоматтандырылған жүйе арқылы алкоголь өнімінің өндірісіне бақылауды қамтамасыз ету мақсатында алкоголь өнімінің өндірілу көлемі туралы ақпаратты автоматты түрде беруді қамтамасыз ететін және олардың құю

автоматына келіп түсетін көлемін үздіксіз өлшеуді, шөлмекке құйылған өнімдерді даналап есепке алуды жүргізетін есептеуші бақылау аспаптарымен (бұдан әрі - ЕБА) жарақтандырылады.

Нақты уақыт режимінде алкоголь өнімінің өндірілу көлемі туралы деректерді автоматты түрде беруді қамтамасыз ету болмаған жағдайда уәкілетті орган үш жұмыс күнінен кешіктірмей алкоголь өнімін өндіруші ұйымды аталған факті туралы жазбаша түрде хабарландырады.

Беру құралдарының жұмысында іркілістер болған жағдайда алкоголь өнімін өндіруші ұйым беру құралдарымен қамтамасыз ететін ұйымнан тиісті жазбаша ақпарат береді.

55. Алкоголь өнімін есепке алу:

- 1) сұйықтық ағысын көлемдік шығыс өлшегіштен;
- 2) құю автоматынан кейін (бұдан әрі – 1-аспап) және дайын өнім қоймасының алдында (бұдан әрі – 2-аспап) орнатылатын дайын алкоголь өнімін даналап есепке алу аспаптарынан;
- 3) ақпаратты өңдеу блогынан (бұдан әрі – АӨБ);
- 4) беру құралдарынан;
- 5) үздіксіз қоректендіру көзінен;
- 6) бағдарламалық қамтамасыз етуден тұратын ЕБА-мен жүргізіледі.

56. ЕБА ақпаратты жинауды, сақтауды, беруді (индикаттау) , қашықтықтан беруді және қабылданған ақпаратты өңдеуді жүзеге асырады және мынадай талаптарға сәйкес келеді:

1) көлемдік шығыс өлшегіштің бастапқы өзгертушісі құбыр жолының көлденең учаскесінде құю автоматына барынша жақын орнатылады, ол өлшеу кезінде бүкіл қиылыстар бойынша үнемі толы болады. Құбыр жолының аралық ернемектік ажыратқыштарына және көлемдік шығыс өлшегіштің бастапқы өзгертушісінің ернемегі мен құю автоматының жалғастырушы ернемегі арасындағы басқа да қосылуларға жол берілмейді;

2) көлемдік шығыс өлшегіштің  $\pm 0,5\%$  жоғары кінәраттығына жол берілмейді;

3) спиртті, сулы спиртті ерітінділерде құрамында қанты көп қоймалжың ортада көлемдік шығыс өлшегіш жұмысының тұрақтылығын қамтамасыз етеді;

4) қысымды резервуарды құю аппаратымен, сондай-ақ тиек арматурамен, сүзгілермен және осы құбыр жолында орналасқан құрылғылармен байланыстыратын құбыр жолы қиылысының диаметрі көлемдік шығыс өлшегіштің диаметрінен үлкен болады. Жұмсақ шлангілер мен коммуникацияларды пайдалануға жол берілмейді;

5) желіні қоректендіретін ең төменгі гидростаттық қысым көлемдік шығыс өлшегішке қарағанда 0,5 метрді құрайды;

6) 1 және 2 аспаптың  $\pm 0,1\%$ -дан жоғары кінәраттығына (әрбір 10 000 шөлмекке 10 шөлмектен көп емес) жол берілмейді;

7) ЕБА аспаптарының қызмет көрсету мерзімі техникалық паспортта көрсетілген қызмет көрсету мерзімінен аспайды;

8) ЕБА жұмысының температуралық режимі 0-ден +40С°-қа дейін құрайды;

9) жады сыйымдылығы үдемелі қорытындыны қамтамасыз етеді;

10) ЕБА жұмысының режимінде іркілістер болған жағдайда, сондай-ақ оны ауыстыру кезінде барлық жиналған ақпараттарды сақтауды қамтамасыз етеді;

11) рұқсатсыз қол жеткізуден қауіпсіздік жүйесінің (код, кілт, пломба, голографиялық жапсырма) болуы;

12) іркілістерден және сыртқы ықпалдардан қорғаныстылығы (қысымды қайтарғыш, үздіксіз қоректендіру көзі), авариялық іркілістер жағдайында электрмен жабдықтаудағы автономды жұмыс істеу ұзақтығы 3 күннен кем емес;

13) ЕБА техникалық паспорты, пайдалану жөніндегі нұсқаулығы және шығу тегі туралы құжаты болады.

57. Көлемдік шығыс өлшегіш (ернемектік жалғамалар) орнатылған орынды, ақпаратты өңдеу блогының қалқанын, дайын өнімді даналап есепке алу аспаптарын рұқсатсыз қол жеткізуді болдырмау үшін уәкілетті органның тиісті аумақтық бөлімшелерінің қызметкері пломбаланады, ол туралы пломба салынған орындар, нөмірлері немесе пломбалар бедерлері көрсетіле отырып, тиісті акті жасалады.

58. Алкоголь өнімінің көлемін өлшеу үшін Қазақстан Республикасының өлшем бірлігін қамтамасыз ету мемлекеттік жүйесінің тізіліміне (бұдан әрі – Тізілім) енгізілген магнитті-индуктивтік, массалық, кариолистік және көлемдік шығыс өлшегіштер пайдаланылады.

59. Алкоголь өнімі бірліктерінің санын өлшеу үшін Тізілімге енгізілген 1 және 2-электронды-механикалық және электронды-сәулелік аспаптарды пайдалануға жол беріледі.

Этил спиртінің өндірудің технологиялық желілерін спирт өлшейтін аппараттармен, алкоголь өнімін (шарап материалынан және сырадан басқа) өндіруді – уәкілетті органға нақты уақыт режимінде өндіру көлемі туралы деректерді автоматты түрде беруді қамтамасыз ететін есептеуші бақылау аспаптарымен жарақтау жөніндегі талаптарды, сондай-ақ олардың жұмыс істеуін және этил спирті мен алкоголь өнімінің есепке алынуын жүзеге асыруды бақылау тәртібіне  
1-қосымша

Нысан

шаруашылық субъектінің атауы (бизнес-сәйкестендіру нөмірі немесе жеке сәйкестендіру нөмірі )

20\_\_ жылғы «\_\_» \_\_\_\_\_ № \_\_\_\_\_

**Спирт және спирт өнімдерін өндіру және оны спирт сақтау қоймаларына беру туралы АКТІСІ**

**1. Спирт өлшегіш аппаратпен есептелінген**

Спирт және спирт өнімдерінің сорты	Бақылау спирт өлшегіш аппаратының нөмірі	Есептеуіштердің көрсеткіштері.				Тәулігіне спирт есептелді, дал	
		спирт айдалғанға дейін, дал		спирт айдалғаннан кейін, дал		көлемі бойынша	сусыз
		көлемі бойынша	сусыз	көлемі бойынша	сусыз		
1. Тазартылған спирт, «Жоғарғы»							
2. Тазартылған спирт, «Экстра»							
3. Тазартылған спирт, «Люкс»							
4. Этил спиртінің бас фракциясы							
Жиыны:							

**2. Құю бойынша алынды**

	Тазартылған спирт			Этил спиртінің	Сивуш майы
	Жоғары	Жоғары	Жоғары		

	тазартылған	тазартылған	тазартылған	бас фракциясы	
1	2	3	4	5	6
1. Өлшегіш арқылы өткізілген спирт көлемі, дал					
2. Өлшегіштегі спирттің орташа температурасы, °С.					
3. Өлшегіштердің көлемдік кенеюіне түзету, дал.					
4. Түзетуді есепке алумен спирттің көлемі, дал.					
5. Спирт өлшегіштің батуы (ареометрдің), бөліктерде.					
6. Стақандағы спирттің температурасы, °С.					
7. Шоғырлануы, % (көлемі бойынша).					
8. Көбейткіш.					
9. Сусыз спирттің мөлшері, дал.					

### 3. Бақылау спирт өлшегіш аппараттарының көрсеткіштерінен құю деректерінің ауытқуы

Тазартылған спирт						Этил спиртінің бас фракциясы (+,-)	
Жоғары тазартылған (+,-)		Экстра (+,-)		Люкс (+,-)			
дал	%	дал	%	дал	%	дал	%

Өткізді: Өндіріс меңгерушісі  
аппаратшы

Қабылдады: Спирт сақтау қоймасының меңгерушісі

Қатысқандар: химик  
бухгалтер

Құю кезіндегі бақылау спирт өлшегіш аппараттарындағы есептегіштердің көрсеткіштерін растаймын:  
аппаратшы

Актіні бас (аға) бухгалтер қабылдады 20\_\_ жылдың «\_\_» \_\_\_\_\_

## Спиртті өлшеу

р/с №	Спирт және спирт өнімдерінің сорты	Өлшегіштердің нөмірі	Көлемі бойынша дал мөлшері	Өлшегіштегі спирт температурасы
Жиыны:				

Өндіріс меңгерушісі:

Аппаратшы:

Спирт сақтау қоймасының меңгерушісі:

:

Этил спиртінің өндірудің технологиялық желілерін спирт өлшейтін аппараттармен, алкоголь өнімін (шарап материалынан және сырадан басқа) өндіруді – уәкілетті органға нақты уақыт режимінде өндіру көлемі туралы деректерді автоматты түрде беруді қамтамасыз ететін есептеуші бақылау аспаптарымен жарақтау жөніндегі талаптарды, сондай-ақ олардың жұмыс істеуін және этил спирті мен алкоголь өнімінің есепке алынуын жүзеге асыруды бақылау тәртібіне

2-қосымша

**Спирт,  
спирттің бас фракциясын қабылдауды, есепке алуды және беруді  
қамтамасыз ететін жабдық пен аппараттар**

p/c №	Жабдықтың атауы	Көлемі, дал	Боза айырғыш қондырғының белгіленген қуаттылығы кезіндегі жабдықтардың саны, дал/тәулігіне					
			750	1000	1500	2000	3000	6000
1	Негізгі спирт қабылдағыш, жоғарғы қақпағында люгі бар.	2 000	1	-	-	-	-	-
	Толтыру	3 300	-	1	1	-	-	-
	коэффициенті - 0,9.	4 500	-	-	-	1	-	-
		6 600	-	-	-	-	1	2
2	Қосымша спирт қабылдағыш, жоғарғы қақпағында люгі бар.	550	1	1	1	-	-	-
	Толтыру	750	-	-	-	1	-	-
	коэффициенті - 0,9.	1 100	-	-	-	-	1	2
3	1 класты тұрақты техникалық спиртке арналған	1 000	-	1	1	1	2	2
	өлшегіш							
4	1 класты тұрақты	250	2	1	1	1	1	1
	техникалық							
5	1 класты вертикалды	75	1	1	1	1	1	1
	техникалық							
	спиртке арналған өлшегіш							
6	Деңгейі көрсеткіші бар	25	1	1	1	1	1	-
	коммуникациялардан қуяға	75	-	-	-	-	-	1
	Арналған жинағыш							
7	Спиртті есепке алуға спиртті өлшейтін аппарат	200 дал/сағ	1	2	2	2	2	3
8	- спиртті	30	1	2	2	2	2	3
	- негізгі фракцияны есепке алуға	м <sup>3</sup> /сағ	1	1	1	1	1	2

Жарылыстан қауіпсіз атқару үшін насос - спиртті - бас фракцияны		2 1	2 1	2 1	2 1	2 1	2 1
--	--	--------	--------	--------	--------	--------	--------



Этил спиртінің өндірудің технологиялық желілерін спирт өлшейтін аппараттармен, алкоголь өнімін (шарап материалынан және сырадан басқа) өндіруді – уәкілетті органға нақты уақыт режимінде өндіру көлемі туралы деректерді автоматты түрде беруді қамтамасыз ететін есептеуші бақылау аспаптарымен жарақтау жөніндегі талаптарды, сондай-ақ олардың жұмыс істеуін және этил спирті мен алкоголь өнімінің есепке алынуын жүзеге асыруды бақылау тәртібіне

3-қосымша

**Спирт көлемін өлшеу кезіндегі I класты темір өлшегіштердің көлемдік кеңеюіне түзетулер (өлшегіштердің номиналды сыйымдылығы бойынша айқындалған спирттің көлеміне пайыздарда) КЕСТЕСІ**

Өлшегіштегі спирт температурасы, °С-	Өлшегіштің көлемдік кеңеюіне көлемге түзету	Өлшегіштегі спирт температурасы, °С-	Өлшегіштің көлемдік кеңеюіне көлемге түзету	Өлшегіштегі спирт температурасы, °С.	Өлшегіштің көлемдік кеңеюіне көлемге түзету
1	2	3	4	5	6
32	+0,0440	28,4	+0,0302	24,8	+0,0172
31,9	+0,0436	28,3	+0,0299	24,7	+0,0168
31,8	+0,0432	28,2	+0,0296	24,6	+0,0164
31,7	+0,0428	28,1	+0,0293	24,5	+0,0160
31,6	+0,0424	28,0	+0,0290	24,4	+0,0156
31,5	+0,0420	27,9	+0,0286	24,3	+0,0152
31,4	+0,0416	27,8	+0,0282	24,2	+0,0148
31,3	+0,0412	27,7	+0,0278	24,1	+0,0144
31,2	+0,0408	27,6	+0,0274	24,0	+0,0140
31,1	+0,0404	27,5	+0,0270	23,9	+0,0137
31,0	+0,0400	27,4	+0,0266	23,8	+0,0134
30,9	+0,0397	27,3	+0,0262	23,7	+0,0131
30,8	+0,0394	27,2	+0,0258	23,6	+0,0128
30,7	+0,0391	27,1	+0,0254	23,5	+0,0125
30,6	+0,0388	27,0	+0,0250	23,4	+0,0122
30,5	+0,0385	26,9	+0,0247	23,3	+0,0119
30,4	+0,0382	26,8	+0,0244	23,2	+0,0116
30,3	+0,0379	26,7	+0,0241	23,1	+0,0113
30,2	+0,0376	26,6	+0,0238	23,0	+0,0110
30,1	+0,0373	26,5	+0,0235	22,9	+0,0106
30,0	+0,0370	26,4	+0,0232	22,8	+0,0102
29,9	+0,0365	26,3	+0,0229	22,7	+0,0098
29,8	+0,0360	26,2	+0,0226	22,6	+0,0094
29,7	+0,0355	26,1	+0,0223	22,5	+0,0090

29,6	+0,0350	26,0	+0,0222	22,4	+0,0086
29,5	+0,0345	25,9	+0,0216	22,3	+0,0082
29,4	+0,0340	25,8	+0,0212	22,2	+0,0078
29,3	+0,0335	25,7	+0,0208	22,1	+0,0074
29,2	+0,0330	25,6	+0,0204	22,0	+0,0070
29,1	+0,0325	25,5	+0,0200	21,9	+0,0067
29,0	+0,0320	25,4	+0,0196	21,8	+0,0064
28,9	+0,0317	25,3	+0,0192	21,7	+0,0061
28,8	+0,0314	25,2	+0,0188	21,6	+0,0058
28,7	+0,0311	25,1	+0,0184	21,5	+0,0055
28,6	+0,0308	25,0	+0,0180	21,4	+0,0052
28,5	+0,0305	24,9	+0,0176	21,3	+0,0049
21,2	+0,0046	16,9	-0,0113	12,6	-0,0266
21,1	+0,0043	16,8	-0,0116	12,5	-0,027
21,0	+0,004	16,7	-0,0119	12,4	-0,0274
20,9	+0,0036	16,6	-0,0122	12,3	-0,0278
20,8	+0,0032	16,5	-0,0125	12,2	-0,0282
20,7	+0,0028	16,4	-0,0128	12,1	-0,0286
20,6	+0,0024	16,3	-0,0131	12,0	-0,029
20,5	+0,002	16,2	-0,0134	11,9	-0,0293
20,4	+0,0016	16,1	-0,0137	11,8	-0,0296
20,3	+0,0012	16,0	-0,014	11,7	-0,0299
20,2	+0,0008	15,9	-0,0144	11,6	-0,0302
20,1	+0,0004	15,8	-0,0148	11,5	-0,0305
20,0	+0,0	15,7	-0,0152	11,4	-0,0308
19,9	-0,0004	15,6	-0,0156	11,3	-0,0311
19,8	-0,0008	15,5	-0,016	11,2	-0,0314
19,7	-0,0012	15,4	-0,0164	11,1	-0,0317
19,6	-0,0016	15,3	-0,0168	11,0	-0,032
19,5	-0,002	15,2	-0,0172	10,9	-0,0324
19,4	-0,0024	15,1	-0,0176	10,8	-0,0328
19,3	-0,0028	15,0	-0,018	10,7	-0,0332
19,2	-0,0032	14,9	-0,0184	10,6	-0,0336
19,1	-0,0036	14,8	-0,0188	10,5	-0,034
19,0	-0,004	14,7	-0,0192	10,4	-0,0344
18,9	-0,0043	14,6	-0,0196	10,3	-0,0348
18,8	-0,0046	14,5	-0,02	10,2	-0,0352
18,7	-0,0049	14,4	-0,0204	10,1	-0,0356
18,6	-0,0052	14,3	-0,0208	10,0	-0,036
18,5	-0,0055	14,2	-0,0212	9,9	-0,0364
18,4	-0,0058	14,1	-0,0216	9,8	-0,0368
18,3	-0,0061	14,0	-0,022	9,7	-0,0372
18,2	-0,0064	13,9	-0,0223	9,6	-0,0376
18,1	-0,0067	13,8	-0,0226	9,5	-0,038
18,0	-0,007	13,7	-0,0229	9,4	-0,0384
17,9	-0,0074	13,6	-0,0232	9,3	-0,0388
17,8	-0,0078	13,5	-0,0235	9,2	-0,0392
17,7	-0,0082	13,4	-0,0238	9,1	-0,0396
17,6	-0,0086	13,3	-0,0241	9,0	-0,04
17,5	-0,009	13,2	-0,0244	8,9	-0,0404

17,4	-0,0094	13,1	-0,0247	8,8	-0,0408
17,3	-0,0098	13,0	-0,025	8,7	-0,0412
17,2	-0,0102	12,9	-0,0254	8,6	-0,0416
17,1	-0,0106	12,8	-0,0258	8,5	-0,042
17,0	-0,011	12,7	-0,0262	8,4	-0,0424
8,3	-0,0428	3,9	-0,0594	-0,3	-0,0752
8,2	-0,0432	3,8	-0,0598	-0,4	-0,0756
8,1	-0,0436	3,7	-0,0602	-0,5	-0,076
8,0	-0,044	3,6	-0,0606	-0,6	-0,0764
7,9	-0,0443	3,5	-0,061	-0,7	-0,0768
7,8	-0,0446	3,4	-0,0614	-0,8	-0,0772
7,7	-0,0449	3,3	-0,0618	-0,9	-0,0776
7,6	-0,0452	3,2	-0,0622	-1,0	-0,078
7,5	-0,0455	3,1	-0,0626	-1,1	-0,0783
7,4	-0,0458	3,0	-0,063	-1,2	-0,0786
7,3	-0,0461	2,9	-0,0634	-1,3	-0,0789
7,2	-0,0464	2,8	-0,0638	-1,4	-0,0792
7,1	-0,0467	2,7	-0,0642	-1,5	-0,0795
7,0	-0,047	2,6	-0,0646	-1,6	-0,0798
6,9	-0,0474	2,5	-0,065	-1,7	-0,0801
6,8	-0,0478	2,4	-0,0654	-1,8	-0,0804
6,7	-0,0482	2,3	-0,0658	-1,9	-0,0807
6,6	-0,0486	2,2	-0,0662	-2,0	-0,081
6,5	-0,049	2,1	-0,0666	-2,1	-0,0814
6,4	-0,0494	2,0	-0,067	-2,2	-0,0818
6,3	-0,0498	1,9	-0,0674	-2,3	-0,0822
6,2	-0,0502	1,8	-0,0678	-2,4	-0,0826
6,1	-0,0506	1,7	-0,0682	-2,5	-0,083
6,0	-0,051	1,6	-0,0686	-2,6	-0,0834
5,9	-0,0514	1,5	-0,069	-2,7	-0,0838
5,8	-0,0518	1,4	-0,0694	-2,8	-0,0842
5,7	-0,0522	1,3	-0,0698	-2,9	-0,0846
5,6	-0,0526	1,2	-0,0702	-3,0	-0,085
5,5	-0,053	1,1	-0,0706	-3,1	-0,0853
5,4	-0,0534	1,0	-0,071	-3,2	-0,0856
5,3	-0,0538	0,9	-0,0713	-3,3	-0,0859
5,2	-0,0542	0,8	0,0716	-3,4	-0,0862
5,1	-0,0546	0,7	-0,0719	-3,5	-0,0865
5,0	-0,055	0,6	-0,0722	-3,6	-0,0868
4,9	-0,0554	0,5	-0,0725	-3,7	-0,0871
4,8	-0,0558	0,4	-0,0728	-3,8	-0,0874
4,7	-0,0562	0,3	-0,0731	-3,9	-0,0877
4,6	-0,0566	0,2	-0,0734	-4,0	-0,088
4,5	-0,057	0,1	-0,0737	-4,1	-0,0884
4,4	-0,0574	0,0	-0,074	-4,2	-0,0888
4,3	-0,0578	-0,1	-0,0744	-4,3	-0,0892
4,2	-0,0582	-0,2	-0,0748	-4,4	-0,0896
4,1	-0,0586	-0,3	-0,0752	-4,5	-0,09
4,0	-0,059	-0,4	-0,0756	-4,6	-0,0904
-4,7	-0,0908	-9,0	-0,107	-13,3	-0,1229

-4,8	-0,0912	-9,1	-0,1074	-13,4	-0,1232
-4,9	-0,0916	-9,2	-0,1078	-13,5	-0,1235
-5,0	-0,092	-9,3	-0,1082	-13,6	-0,1238
-5,1	-0,0924	-9,4	-0,1086	-13,7	-0,1241
-5,2	-0,0928	-9,5	-0,109	-13,8	-0,1244
-5,3	-0,0932	-9,6	-0,1094	-13,9	-0,1247
-5,5	-0,094	-9,8	-0,1102	-14,1	-0,1254
-5,6	-0,0944	-9,9	-0,1106	-14,2	-0,1258
-5,7	-0,0948	-10,0	-0,111	-14,3	-0,1262
-5,8	-0,0952	-10,1	-0,1113	-14,4	-0,1266
-5,9	-0,0956	-10,2	-0,1116	-14,5	-0,127
-6,0	-0,096	-10,3	-0,1119	-14,6	-0,1274
-6,1	-0,0963	-10,4	-0,1122	-14,7	-0,1278
-6,2	-0,0966	-10,5	-0,1125	-14,8	-0,1282
-6,3	-0,0969	-10,6	-0,1128	-14,9	-0,1286
-6,4	-0,0972	-10,7	-0,1131	-15,0	-0,129
-6,5	-0,0975	-10,8	-0,1134	-15,1	-0,1294
-6,6	-0,0978	-10,9	-0,1137	-15,2	-0,1298
-6,7	-0,0981	-11,0	-0,114	-15,3	-0,1302
-6,8	-0,0984	-11,1	-0,1144	-15,4	-0,1306
-6,9	-0,0987	-11,2	-0,1148	-15,5	-0,131
-7,0	-0,099	-11,3	-0,1152	-15,6	-0,1314
-7,1	-0,0994	-11,4	-0,1156	-15,7	-0,1318
-7,2	-0,0998	-11,5	-0,116	-15,8	-0,1322
-7,3	-0,1002	-11,6	-0,1164	-15,9	-0,1326
-7,4	-0,1006	-11,7	-0,1168	-16,0	-0,133
-7,5	-0,101	-11,8	-0,1172	-16,1	-0,1334
-7,6	-0,1014	-11,9	-0,1176	-16,2	-0,1338
-7,7	-0,1018	-12,0	-0,118	-16,3	-0,1342
-7,8	-0,1022	-12,1	-0,1184	-16,4	-0,1346
-7,9	-0,1026	-12,2	-0,1188	-16,5	-0,135
-8,0	-0,103	-12,3	-0,1192	-16,6	-0,1354
-8,1	-0,1034	-12,4	-0,1196	-16,7	-0,1358
-8,2	-0,1038	-12,5	-0,12	-16,8	-0,1362
-8,3	-0,1042	-12,6	-0,1204	-16,9	-0,1366
-8,4	-0,1046	-12,7	-0,1208	-17,0	-0,137
-8,5	-0,105	-12,8	-0,1212	-17,1	-0,1374
-8,6	-0,1054	-12,9	-0,1216	-17,2	-0,1378
-8,7	-0,1058	43,0	-0,122	-17,3	-0,1382
-8,8	-0,1062	-13,1	-0,1223	-17,4	-0,1386
-8,9	-0,1066	-13,2	-0,1226	-17,5	-0,139
-17,6	-0,1394	-22,0	-0,155	-26,4	-0,1706
-17,7	-0,1398	-22,1	-0,1554	-26,5	-0,171
-17,8	-0,1402	-22,2	-0,1558	-26,6	-0,1714
-17,9	-0,1406	-22,3	-0,1562	-26,7	-0,1718
-18,0	-0,141	-22,4	-0,1566	-26,8	-0,1722
-18,1	-0,1413	-22,5	-0,157	-26,9	-0,1726
-18,2	-0,1416	-22,6	-0,1574	-27,0	-0,173
-18,3	-0,1419	-22,7	-0,1578	-27,1	-0,1734
-18,4	-0,1422	-22,8	-0,1582	-27,2	-0,1738

-18,5	-0,1425	-22,9	-0,1586	-27,3	-0,1742
-18,6	-0,1428	-23,0	-0,159	-27,4	-0,1746
-18,7	-0,1431	-23,1	-0,1594	-27,5	-0,175
-18,8	-0,1434	-23,2	-0,1598	-27,6	-0,1754
-18,9	-0,1437	-23,3	-0,1602	-27,7	-0,1758
-19,0	-0,144	-23,4	-0,1606	-27,8	-0,1762
-19,1	-0,1444	-23,5	-0,161	-27,9	-0,1766
-19,2	-0,1448	-23,6	-0,1614	-28,0	-0,177
-19,3	-0,1452	-23,7	-0,1618	-28,1	-0,1774
-19,4	-0,1456	-23,8	-0,1622	-28,2	-0,1778
-19,5	-0,146	-23,9	-0,1626	-28,3	-0,1782
-19,6	-0,1464	-24,0	-0,163	-28,4	-0,1786
-19,7	-0,1468	-24,1	-0,1633	-28,5	-0,179
-19,8	-0,1472	-24,2	-0,1636	-28,6	-0,1794
-19,9	-0,1476	-24,3	-0,1639	-28,7	-0,1798
-20,0	-0,148	-24,4	-0,1642	-28,8	-0,1802
-20,1	-0,1483	-24,5	-0,1645	-28,9	-0,1806
-20,2	-0,1486	-24,6	-0,1648	-29,0	-0,181
-20,3	-0,1489	-24,7	-0,1651	-29,1	-0,1814
-20,4	-0,1492	-24,8	-0,1654	-29,2	-0,1818
-20,5	-0,1495	-24,9	-0,1657	-29,3	-0,1822
-20,6	-0,1498	-25,0	-0,166	-29,4	-0,1826
-20,7	-0,1501	-25,1	-0,1663	-29,5	-0,183
-20,8	-0,1504	-25,2	-0,1666	-29,6	-0,1834
-20,9	-0,1507	-25,3	-0,1669	-29,7	-0,1838
-21,0	-0,151	-25,4	-0,1672	-29,8	-0,1842
-21,1	-0,1514	-25,5	-0,1675	-29,9	-0,1846
-21,2	-0,1518	-25,6	-0,1678	-30,0	-0,185
-21,3	-0,1522	-25,7	-0,1681		
-21,4	-0,1526	-25,8	-0,1684		
-21,5	-0,153	-25,9	-0,1687		
-21,6	-0,1534	-26,0	-0,169		
-21,7	-0,1538	-26,1	-0,1694		
-21,8	-0,1542	-26,2	-0,1698		
-21,9	-0,1546	-26,3	-0,1702		

Этил спиртінің өндірудің технологиялық желілерін спирт өлшейтін аппараттармен, алкоголь өнімін (шарап материалынан және сырадан басқа) өндіруді – уәкілетті органға нақты уақыт режимінде өндіру көлемі туралы деректерді автомагты түрде беруді қамтамасыз ететін есептеуші бақылау аспаптарымен жарактау жөніндегі талаптарды, сондай-ақ олардың жұмыс істеуін және этил спирті мен алкоголь өнімінің есепке алынуын жүзеге асыруды бақылау тәртібіне 4-қосымша

Нысан

### Спирт өлшегіш аппараттардың көрсеткіштері бойынша тазартылғанспирт өндіруді есепке алу ЖУРНАЛЫ

Күні	Ауысым	Аппаратшының аты, жөні, тегі – болған жағдайда	Спирт өлшегіш аппараттың №	Есептегіштердің көрсеткіштері, ауысым басында, ауысым аяғында		Көлемді/сусыз спиртті сағаттық өндіру, шамдағы температурасы							Аппаратшының қолы	
				спирттің	сусыз спирттің	7	8	9	10	11	12	13		14
1	2	3	4	5	6	7	8	9	10	11	12	13	14	15

**Ескертпе:** Журналда аппаратшылар спирт өлшегіш аппараттың көрсеткіштері бойынша құрамындағы сусыз спиртке және шамдағы температураы қайта есептегенде сулы спиртті ерітінді көлемінің сағаттық өндіру жазбаларын жүргізеді.